

## ЭТИМОН ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Бидоллақызы Б.*

*Қытай халық Республикасы  
Іле педагогикалық институты  
филология факультетінің аға  
оқытушысы.*

Қазақ тілі этимондарын зерттеуден бұрын этимон деген ұғымды анықтап алуымыз қажет. Өйткені этимон дегеннің мазмұны, сипаты жөнінде тіл білімінде тұрақтанған көзқарастың жоқ екені айтылып келеді. Жұнғо мен шетелдің қазіргі заман тілгерлері оны “сөздің төркіні”, “сөз түбірінің төркіні” және “сөздің ішкі тұлғасы” деп те атап келді. Төменде осы көзқарастарды таныстыра отырып, этимонның ерекшелігі мен қасиетіне талдау жасаймыз.

“Ханзу тілінің үлкен сөздігінде”: “этимон – сөздің дыбысы мен мағынасының шығу тегі, сөз түбірінің төркіні”, -деп түсіндіреді (4.125-225-беттер).

Ханзу этимология зерттеушісі Рын Жифаң: “этимон – тілдегі сөз және негіздес сөздердің дыбысы мен мағынасының төркіні. Этимон – бір түрлі жалпылық ұғым. Ол сөз этимоны және негіздес сөздердің этимоны деп бөлінеді” деген көзқарасты ортаға қояды (1. 1-бет).

Ал ағылшын тілгері Форно: “сөз этимоны – деген осы бір ұғым өзі ішіне сөздің шығу тегі мен алғашқы тұлғасын, оның тексеріп байқауға болатын ең ертедегі мағынасы және оның басқа тілдердегі сәйкесті сөздермен болған байланысын қамтиды”- десе (2.1-бет), “Қазақ тілі энциклопедиясында”: “этимон - сөздің негізі, бастапқы кездегі мағынасы мен түр-тұлғасы,”- делінген (14.474-бет).

Ханзудың тағы бір этимология зерттеушісі Иын Жимиң: ” этимон дегеніміз- жазу жарыққа шығудан бұрынғы ауыз екі тілдегі мағына мен дыбыстың біріккен тұлғасы, кейінгі тілдегі сөздердің дыбысы мен мағынасының тарихи қайнары, сөздердің көбейуінің , лексика дамуының тіл ғылымындағы ішкі негізі”,-деп тұжырымдайды (2. 4-бет)

Жоғарыдағылардың ішінде Иын Жимиңның теориясы біршама кемелді деуге болады. Онда этимонның қалыптасу себебі, тілдегі рөлі қатарлылар ортаға қойылған. Яғни, Иын Жимиңнің “этимон- кейінгі тілдегі сөздердің дыбысы мен мағынасының тарихи қайнары” деген көзқарасы – сөз бен этимонның тарихи шекарасын ашып берді, және оның “сөздердің көбейуінің ,лексика дамуының тіл ғылымындағы ішкі негізі”,- деген байымдауы этимонның тіл ғылымындағы ролін және орнын көрсетіп берді. Форноның анықтамасында сөздердің төркінін топшылау тұрғысынан этимонды байымдаған. Оның тағы “этимон басқа тілдердегі

сәйкесті сөздермен болған байланысын қамтиды”,-деп қарауы іс жүзінде бұл туыстас тілдердегі сөздердің төркіндік байланысын көрсетеді. Бұл жоғарыдағы байымдауларды толықтыра түскен.Енді бұлардың анықтамаларында сыңар жақтылық та көрінеді. Мысалы, этимонды “сөздің дыбысы мен мағынасының шығу тегі”, “тілдегі сөз және негіздес сөздердің дыбысы мен мағынасының тегі”, “сөздің негізі ,бастапқы кездегі мағынасы мен түр-тұлғасы” деп түсіндіру ,әрине, қате емес. Бірақ “сөздің дыбысы мен мағынасының шығу тегі” дегенде қайсы сөздің – адамзат ең алғаш қалыптасқан кездегі “сөздің дыбысы мен мағынасының шығу тегі” ме, жоқ әлде “кейінгі кездегі сөздің тегі” ме деген мәселелердің басы ашылмаған.

Оқымыстылардың бір талайы этимонды “сөз түбірінің төркіні” деп қарайды. Жұнғо қазіргі заман демократ төңкерісшісі , тіл-жазудың маманы Жаң Тайяң (1869-1936) “этимон дегеніміз - сөз түбірінің төркіні”-десе, ханзудың тағы 19 ғасырдағы Германиялық тілгер, философ, саясатшы Карл Уылхелм Фон Хамболд (1767-1835) “сөз бастан-айақ ұғымға бағытталатындықтан мағынасы жақындау ұғымдар табиғи түрде ұқсастау тіл дыбыстарымен дыбысталады. Егер адамдар кейбір ұғымдардың келу қайнарының ұқсас екендігін анық сезінсе, онда бұл ұғымдар мен қайнары ұқсас тіл дыбыстарын сәйкестіру арқылы ұғымның ұқсастығы мен тіл дыбыстарының ұқсастығын өзара бірлікке келтіреді... сөз бен сөз тұлғасының мұндай тұрақты өзгермейтін бөлегі түбір тұлғалы құрамдар деп аталады. Егер оларды бөліп алып сипаттағанда, оны тілдің өзіндік негізі немесе сөз түбірінің төркіні деп қарауға болады”(2.85-86-беттер). Қазақстан тілгері Жақыш Хасенов “сөз төркіні - негізгі түбір. Ал осы негізгі түбірлер қалай пайда болған? Әу баста тіл негізін құраған тарихымыздың ала-көбең таңында өмір сүрген түп-тұқиянымыз әрбір зат пен құбылысты әйтеуір аузына түскен бір сөзбен атай салмағаны анық. Тіл о баста табиғаттың өзінен алынды...адамдар осы дыбыстарды (еліктеуіштерді) пайдаланып, әр нәрсені, не құбылысты өз дыбысымен белгілеп, атап жүрді де, келе-келе соған ұқсаған не ұқсаңқырайтын құбылыстарға, сол алғашқы таныс дыбыстарды теңеу-салыстыру жолымен жаңа атаулар туғызған”- дейді (12).

Жоғарыдағы оқымыстылардың этимонды сөз түбірінің төркіні деп қарауы іс жүзінде этимон мен сөзді парықтамаудан туылған көрінеді. Сөз түбірінің төркіні - сөздің ең алғашқы негізі, сөз көбейудің ұйтқысы болғанымен ол этимонмен барлық орында тең тұра алмайды. Өйткені сөз түбірі сөздің ең бастапқы мағынасын, қайсы тілден енгендігі сынды жақтарын толық көрсетіп бере алмайды, оның үстіне этимон сөздің бастапқы негізін ғана көрсетпейді, сөздің қосымша морфемасының да , сөз

тұлғаларының (тұрақты тіркестерінің) да, тіпті белгілі бір дыбыстың да шығу, пайда болу тарихын тектейді. Жұңғо тілгерлерінің этимонды сөз түбірінің төркіні деп атауы батыс тілгерлерінің ықпалынан болуы мүмкін.

Қазіргі заман тіл ғылымында этимонды сөздің ішкі тұлғасы деп те атап жүр. Тіл білімінде сөздің ішкі тұлғасы мынаған қаратылады: әрбір сөз мағына мен дыбыстан құралады. Сөздің формасы сөздің дыбыстық құрылмасын көрсетеді; сөздің дыбыстық құрылмасы сөздің сыртқы формасы, яки сөздің сыртқы тұлғасы делінеді. Сөздің мағынасы да әдетте белгілі тәсілдерден құралған болады. Сөздің бұндай бірігу тәсілі сөздің ішкі тұлғасы деп те аталады. Біз мәлім бір сөздің мағынасына талдау жасаған кезімізде үнемі сол сөздің сондай мағына алуында, яғни сол сөздің жасалуында мәлім бір себеп барлығын байқаймыз.

Мәселен, ханзу тіліндегі (уұтай-сахына) деген сөз не үшін бұлай аталған. Өйткені ханзу тілінде уұ- билеу деген мағынаны, тайсахына деген мағынаны білдіреді. Сол үшін ол билейтін сахына деген мағынаны білдірген және солай аталған.

Сөздің ішкі тұлғасы дейтін осы бір тайау заман тіл ғылымындағы терминді Карл Уылхелм Фон Хамболд ең алғаш “адамзаттың тіл құрылысының айырмашылығы және оның адамзат психикасының дамуына ықпалы” деген шығармасында ортаға қойған. Оның бұл кітабының X, XI тарауындағы “ішкі тіл тұлғасы”, “тіл дыбысы мен ішкі тіл тұлғасының байланысы” деген темелерінде тілдің дыбысы мен мағынасының байланысына арнаулы талдау жасаған. Жұңғо тілгерлері де бұл көзқарасты қуаттайды. Жұңғо осы заман тілгері Жаң Ионян мырза “тіл лексикасы үздіксіз дамып, байып отырады; оны дамытудың басты жолы- жаңа сөздерді жасау. Сонда жасалған жаңа сөздің басым көбі бұрын бар тіл материалдары мен сөз жасау әдісі арқылы туындайды. Сондықтан жаңа сөздің дыбыстық тұлғасы мен мағыналық мазмұнының арасындағы байланыс әдетте кездейсоқ болады деуге болмайды. Бұл дегеніміз, ішінара кейбір алғашқы атаулардан сырт, тілдегі сөздердің басым көп бөлімін оның ішкі тұлғасынан, немесе оның өз негізінен іздеуге болады. Сөздің ішкі тұлғасы дегеніміз, этимонының құрылысы деп те, немесе сөз түбірінің төркіні деп те аталады. Бұл мәлім бір тіл дыбысы білдірген мәлім мағынаның себебі немесе негізі дегенді көрсетеді” - дейді (2.3-бет). Жұңғоның тағы бір осы заман тілгері Гау Шұғаң мырза “сөз объектке атау береді, атаудың тандалуы адамдар байланыстыра ойлаған объектінің ерекшелігін негіз етеді. Ол сөздің ішкі құрылымында атауға негіз болған объектінің ерекшелігін бейнелеп, сөздің ішкі тұлғасы, сөз негізі, немесе этимонның құрылымы деп аталады. Этимонының құрылымы сөздің дыбысы мен мағынасының байланысын көрсетеді” (2.3-бет) - дейді. Профессор, тілгер Уаң Дычүн мырза “сөздің ішкі тұлғасы дегеніміз, сөздің дыбыстық тұлғасы мен оның бастапқыдағы

тұлғаларының (тұрақты тіркестерінің) да, тіпті белгілі бір дыбыстың да шығу, пайда болу тарихын тектейді. Жұңғо тілгерлерінің этимонды сөз түбірінің төркіні деп атауы батыс тілгерлерінің ықпалынан болуы мүмкін.

Қазіргі заман тіл ғылымында этимонды сөздің ішкі тұлғасы деп те атап жүр. Тіл білімінде сөздің ішкі тұлғасы мынаған қаратылады: әрбір сөз мағына мен дыбыстан құралады. Сөздің формасы сөздің дыбыстық құрылмасын көрсетеді; сөздің дыбыстық құрылмасы сөздің сыртқы формасы, яки сөздің сыртқы тұлғасы делінеді. Сөздің мағынасы да әдетте белгілі тәсілдерден құралған болады. Сөздің бұндай бірігу тәсілі сөздің ішкі тұлғасы деп те аталады. Біз мәлім бір сөздің мағынасына талдау жасаған кезімізде үнемі сол сөздің сондай мағына алуында, яғни сол сөздің жасалуында мәлім бір себеп барлығын байқаймыз.

Мәселен, ханзу тіліндегі (уұтай-сахына) деген сөз не үшін бұлай аталған. Өйткені ханзу тілінде уұ- билеу деген мағынаны, тайсахына деген мағынаны білдіреді. Сол үшін ол билейтін сахына деген мағынаны білдірген және солай аталған.

Сөздің ішкі тұлғасы дейтін осы бір тайау заман тіл ғылымындағы терминді Карл Уылхелм Фон Хамболд ең алғаш “адамзаттың тіл құрылысының айырмашылығы және оның адамзат психикасының дамуына ықпалы” деген шығармасында ортаға қойған. Оның бұл кітабының X, XI тарауындағы “ішкі тіл тұлғасы”, “тіл дыбысы мен ішкі тіл тұлғасының байланысы” деген темелерінде тілдің дыбысы мен мағынасының байланысына арнаулы талдау жасаған. Жұңғо тілгерлері де бұл көзқарасты қуаттайды. Жұңғо осы заман тілгері Жаң Ионян мырза “тіл лексикасы үздіксіз дамып, байып отырады; оны дамытудың басты жолы- жаңа сөздерді жасау. Сонда жасалған жаңа сөздің басым көбі бұрын бар тіл материалдары мен сөз жасау әдісі арқылы туындайды. Сондықтан жаңа сөздің дыбыстық тұлғасы мен мағыналық мазмұнының арасындағы байланыс әдетте кездейсоқ болады деуге болмайды. Бұл дегеніміз, ішінара кейбір алғашқы атаулардан сырт, тілдегі сөздердің басым көп бөлімін оның ішкі тұлғасынан, немесе оның өз негізінен іздеуге болады. Сөздің ішкі тұлғасы дегеніміз, этимонының құрылысы деп те, немесе сөз түбірінің төркіні деп те аталады. Бұл мәлім бір тіл дыбысы білдірген мәлім мағынаның себебі немесе негізі дегенді көрсетеді”- дейді (2.3-бет). Жұңғоның тағы бір осы заман тілгері Гау Шұғаң мырза “сөз объектке атау береді, атаудың таңдалуы адамдар байланыстыра ойлаған объектінің ерекшелігін негіз етеді. Ол сөздің ішкі құрылымында атауға негіз болған объектінің ерекшелігін бейнелеп, сөздің ішкі тұлғасы, сөз негізі, немесе этимонның құрылымы деп аталады. Этимонының құрылымы сөздің дыбысы мен мағынасының байланысын көрсетеді” (2.3-бет) - дейді. Профессор, тілгер Уаң Дычүн мырза “сөздің ішкі тұлғасы дегеніміз, сөздің дыбыстық тұлғасы мен оның бастапқыдағы

мағынасының байланыс сипаты және жаңа сөз жасаудың негізі болып табылады”-дейді (2.4-бет). Тілгер Шүй Уихан мырза төркіндес сөздер арасындағы байланысты сөздің ішкі тұлғасы арасындағы байланыс деп атай келіп, “ханзу тілі лексикасының жүйесі бар. Ол сөздің ішкі тұлғасы, сыртқы тұлғасы және жасалу тұлғасы қатарлы бірнеше жақтарға тексеру барысында байқалады. Сөздің ішкі тұлғасының байланысы: сөздің заттық сыртқы қабыршағы дегеніміз – дыбыс. Сөздің дыбысы мен мағынасының ұштасуы қоғамның дамуына ілесіп түрлі-түрлі байланысты қалыптастырады. Төркіндес сөздер лексиканың өзара байланыста болатындығын көрсетеді. Мұндай түрдегі байланысты жүйелілік байланыс деп қарауымыз тиіс...” дегенді ортаға қойған болатын (2.4-бет).

Ал тілгер Лиу Шүшин мырза “сөздің ішкі тұлғасы дегеніміз – сөз мағынасы ең алғаш қалыптасқан кезде заттық объектінің ерекшелігін бейнелеуде қолданған тұлға. Ол сөз тұлғасын тежейді және тұрақтандырады” – дейді (2.4-бет). Мұндай теориялардың өзіндік пайдалану құны бар болып, олар негізінен сөздің дыбысы мен мағынасының ең алғаш бірігу себептерін, сөз жасалғаннан кейін оның мағынасы мен дыбысы жағындағы қатынас туралы адам санасында белгілі байланыс қалыптастыратындығын ортаға қойған. Бірақ олардың келтірген мысалдарынан қарағанда, ол көп буынды біріккен сөздер мен туынды сөздерге қаратылған. Сондықтан олар ортаға қойған “сөздің ішкі тұлғасы” мен этимон ұқсас емес деп қараймыз.

Бізше, этимон (гректің *etymon*- ақиқат деген сөзінен алынған) дегеніміз – бір тілдің әдеби тілі қалыптасқаннан кейінгі сөз морфемаларының, сөздің, сөз тұлғаларының дыбысы мен мағынасының шығу тегі мен тарихи тұлғасы, лексика дамуының тіл біліміндегі ішкі негізі.

Этимон дыбыс пен мағына сынды екі жақты қамтиды. Бір тілдегі этимондарды зерттеуде, бір сөздің мағынасының ғана емес, дыбысының да өзгеру, даму тарихын зерттеуіміз керек. Өйткені этимон – тілдің дыбысы мен мағынасынан құралған тұлға. Байырғы тілде белгілі сандағы тіл дыбыстары, тіл мағыналарының жүйесін қалыптастырып, тілдің механикалық тасымалдаушысы ретінде пайдаланылған. Бірақ мынаны мойындауымыз керек, дыбыс пен мағынаның ең бастапқыдағы бірігуі кездейсоқ болған, қайсы дыбыстың қайсы мағынаны білдіруін қоғамдық уағдалы әдет белгілеген. Маркс былай дейді: “Заттың атауы мен заттың сипаты бүтіндей сыртқы құбылыс (немесе ешқандай заттың атауы оның затының сипатымен ешқандай ортақтығы болмайды)” (2.7-бет). Бұл, әрине, сөздің дыбысы мен мағынасы ең алғаш кездейсоқ байланысқан дегенді түсіндіреді. Сонымен бірге мынаны да мойындауымыз керек, дыбыс пен мағынаның байланысын қоғамдық әдет белгілегеннен кейін сөз бен сөз арасында үнемі туысқандық қатынас туындап отырған. Этимонды

тануда, этимологиялық зерттеуде жоғарыдағы байланыстың екі жағын бірдей дұрыс көре алу-алмауымыз өте маңызды. Әр ұлттың өзіндік фонемалары және ол фонемаларының бірігу заңдылығы болады да, осы фонемалар бірігіп сөз құрайды, сөздің алғы тарихы деп есептелінген әдеби тіл қалыптасудан бұрынғы этимондарда, әрине, осылай болған. Лексиканың дамуы барысында тілдегі сөздің мағынасында өзгеріс болумен бірге оның дыбысында да өзгеріс “не жаңа дыбыстың көбейуі, не жойылуы, не өзгеруі) болатындығын факттер дәлелдейді. Сондықтан тілдегі дыбыс пен мағынаның этимоны қатар зерттелсе, біздің этимонды зерттеу ісіміз сенімді әрі ғылыми болады. Мысалы, қазақ тіліндегі бұрын жоқ ф, в, х дыбыстарының қайнарын, пайда болу тәркінін зерттеу өте қажетті. Бір тілдің екінші бір тілдің фонетикасы мен грамматикасына ықпал етуі тілдер арасындағы терең ықпалға жататындығының, дыбыстардың, тілдердің араластығын зерттеуде, этимонды айқындауда үлкен көмегі бар. Кейде дыбыстың қайнарынан сөз этимондарын байқауға болады. Этимологиялық зерттеу барысында сөздің этимонын ғана көзде ұстап, дыбыстың этимонын қағыс қалдырсақ, онда этимологиялық талдау жүргізуіміз бір жақтылы ғана болып қалады. Бұрынғы Совет Одағының тілгері Бұрнак “дыбыстардың образы әр түрлі елестердің мәлім көлем ішіндегі қажетті факторларына айналғаннан кейін осы дыбыстар образы мағынаның негізгі ішкі ұйтқысына айналады. Ал осы ішкі ұйтқы әртүрлі ұқсамаған елестерді байланыстырады”- дейді (2.5-бет). Бұл көзқарас та жоғарыдағы тілдегі дыбыс пен мағынаның ұштасуы қоғамдық әдеттен қалыптасады, әрі сөзді жасауда сол ұлттың өзінде бұрыннан бар фонемаларынан пайдаланып, сол тілдің дыбыс заңдылығы арқылы сөз жасайды дейтін пікірімізді дәлелдей түседі. Төркіндес сөздердің дыбысына талдау жасау барысында да оқымыстылар жоғарыдағыдай байырғы дыбыстарды өлшем етуді, тілдің төл дыбысынан алғашқы тілдердің мағыналы буындарының барлыққа келгендігін илануды дәріптейді. Жинақтап айтқанда, этимон дыбыс пен мағынаның ұштасқан тұлғасы болып табылады.

Этимон мен сөз бір-біріне ұқсамайды. Кейбір оқымыстылар сөз дегенді дыбыс пен мағынадан құралған тұлға деп анықтама береді. Бұл біздің этимонға берген анықтамамызбен қарайлас келеді. Іс жүзінде екеуі парықты. Сөз дегеніміз еркін қолдануға болатын, сөйлем бөлектерін толықтыратын тілдік бірлік болса, этимон дегеніміз- әдеби тіл қалыптасудан бұрынғы ауыз екі тілдегі сөзбен ұқсас рольге ие, бірақ жазу арқылы толық нұсқасы естелікке алынбағандықтан зерттеу қиынға соққан, тек этимологиялық зерттеу арқылы алғашқы кезде оның қалай қолданылғандығына долбар жасауға ғана болатын, дыбыс пен мағынаның тарихи тұлғасы. Мысалы, ошақ- қазіргі кезде қолданылып жүрген әдеби тілдегі сөз болса, оның этимоны деп “от жақ”-ты айтамыз.

Этимон мен сөз тоғыспалы қатынаста болады. Сөз этимонды қамтиды, бірақ этимон ылғи жеке-дара сөз түрінде болуы екіталай. Кейде бірқанша сөздер бір этимонға тәуелді болуы мүмкін. Енді бірі, сөз жазбаша жазылған кітаби тұлғаға және ауыз екі тұлғаға ие.

Сөзге дыбыс пен мағынадан құралған тұлға деп анықтама жасағанымыз – тек оның құрамын көзде ұстағанымыздан. Сөз бүгінгі күнде әдеби тілімізде әбден орнығып, кемеліне келген болады, ал этимон сөздің тарихи тұлғасы, бүгінгі әдеби тілімізге көбінесе сай келе бермейді, немесе кейбіреуі бүгінгі әдеби тілде қолданылмайды. Олардың кейбірі тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, жер-су атаулары, ру атаулары т.б.-лардың құрамында сақталады. Сондықтан сөз бен этимон бүгінгі күндегі қолданылмалығынан да парықты болады.

Кейінгі кезде жарыққа шыққан сөздердің этимоны. Бүгінгі әдеби тіліміздегі сөздер этимоннан туындаған. Сондықтан олар сол этимондармен тікелей, немесе жанамалай байланыста болады. Біз этимонды кейінгі дәуірдегі сөздердің дыбысы мен мағынасының тарихи қайнары, сөздердің көбеюінің, лексика дамуының тіл біліміндегі ішкі негізі деп айтып келдік. Бұлай дейтініміз, этимон дегеніміз- бір жағынан тілдегі әуелгі кездегі негізгі сөздік қордағы сөздер. Тілдің негізгі сөздің қорындағы сөздер- қашанда лексика дамуының негізі. Тіл лексикасы әуелдегі негізгі сөздік қордағы сөздерді (этимондарды) негіз етіп дамиды. Сөз үздіксіз даму барысында кейде өзінің түпкі тұлғасын, мағынасын жоғалтқан болады. Бір кездерде түбірлес, туыстас сөздердің кейде мағына жағынан алшақтап, алғашқы жақындығы, бір негізден тарағандығы білінбестей дәрежеге жететіндері болады. Мысалы, ақ, ау сөздерінің түбір ортақтығы мүлдем аңғарылмастай десе де болады. Бірақ бұл сөздер – бір этимоннан (ағ) туындаған сөздер. Бұл этимон лексика жүйесіндегі көптеген сөздермен сабақтасып (ағын, ағыс, ақтар, аудар, ауна, ауыс, ауқым т.б.) жатады да, ол этимон сөздердің көбейіп, лексика дамуының тіл ғылымындағы ішкі себебі дегенді дәлелдейді. Сонымен бірге, тілдегі жаңа сөздердің негізі тілде бұрыннан бар материалдар арқылы үздіксіз жасалатындықтан жаңа сөздер және де бұрынғы этимондармен тікелей, немесе жанамалай байланыста болады. Сондықтан мынаны қорытындылау ымызға болады: этимон кейінгі дәуірде де туылуы мүмкін, бірақ ол және де бұрынғы этимондардан қол үзіп кете алмайды.

Этимон сөздің тегі болғандықтан ол лексика жүйесінің бір саласына жатады. Оның өзіндік көп жақтылы ерекшеліктері болады. Бұлар жөнінде зерттеп, талдау жасау өте қажетті. Әрқандай тілдегі этимондардың күңгірттік, шектілік, жүйелік, туындылық ерекшеліктері болады.

1. Күңгірттік ерекшелігі. Сөз этимонын айқындау – күрделі және жалпы мәселе. Жұңго психология маманы Хуаң Кан (1886-1935) “кейінгі сөздер сөзсіз туынды сөздер, ол сөздердің шын тегін табу өте қиын” деп

қарайды (2.7-бет). Осыдан мынаны байқауға болады: шығу тегі біршама кешірек болған, жазумен естелікке алынған сөздер- үнемі көне сөздерден туындаған сөздер, оның тегін табу қиын. Кейбір сөздердің тегін айқындау, былай қарағанда, соншалық қиын еместей көрінеді. Мысалы: олжала, арулар, жетімдік деген туынды сөздердің түбірі (олжа, ару, жетім) мен қосымшалары (-ла,-лар,-дік) бұлар бірден аңғарылады. Бірақ осы туынды сөздердің жасалуына негіз болған олжа, ару, жетім деген түбір сөздердің шығу тегін айқындау өте қиын. Арнаулы этимологиялық зерттеу жасауға тура келеді. Демек, туынды сөздердің этимонын айқындаудан гөрі түбір сөздердің этимонын айқындау әлде қайда күрделі болмақ.

Туынды сөздер мен күрделі сөздердің ішінде де жасалуы күнгірт тартқан сөздер де болады. Мысалы: асқазан деген сөздің ас және қазан деген сөздерден бірігуінен, тасқорған деген сөздің тас және қорған деген сөздерден біріккендігі ашық-айқын аңғарылады. Ал қарақат, бүйіт деген күрделі сөздердің этимонын айқындау әлде қайда күрделі. Қарақат сөзінің қара сыңары бізге түсінікті болғанымен, қат сыңары- бізге беймәлім сөз. Қат сөзінің ойрат, туба тілдерінде және хақас тілінің диалектісінде жеміс деген мағынаны білдіретіндігіне (8.138-бет) негізделген де, қарақат сөзі қара және жеміс деген мағынаны білдіретін қат сөзінен жасалған. Ал, бүйіт сөзі бұлай ет сынды екі сөздің күрделі қосылуынан біріккен.(8.142-бет). Сондай-ақ туынды сөздердің ішінде түбір морфеманың этимонын ғана емес, қосымшаның да этимонын айқындауға да тура келеді. Айталық, тігінхана, әсемпаз сияқты сөздердің құрамындағы -хана, -паз қосымшалары қазақ тілінің сингармонизм заңдылығына бағынбай жалғанған сөздер. Сондықтан -хана, -паз қосымшаларына да этимологиялық талдау жасауымыз керек. Тіпті тілдегі кейбір сөздердің түбірі мен қосымшасы, күрделі құрамдары (екі түбір) кірігіп,жымдасып кеткен болады да, оны оңайшылықпен байқай алмаймыз. Жоғарыдағылар этимонның күнгірттік ерекшелігін бейнелейді. Этимонның мұндай күнгірт болуының себебі біздіңше, олардың тілдегі қолданылуының сұйқылдауы, осының салдарынан лексикалық мағыналарының күнгірттенуі, бара-бара архаизм категориясына ауысып, этимологияның объектіге айналғандығында, олардың тұлғалық-дыбыстық өзгерістерге душар болуында. Одан қалса, тіл мен жазудың жарыққа шығу жағындағы аса зор уақыт парқынан олардың өзгерісінің естелікке алынуының мүмкіндігі болмағандығында. Шамамен 2 миллион жылдың алдында адамзатта ең алғашқы, бастапқа тілі жарыққа шықса, ал жазу одан көп кейін жаратылған. Айталық, ханзу жазуының бүгінге дейін не бары 5 те 6 мың жылдық ғана тарихы бар. Этимонының жоғарыдағыдай күнгірттік сипаты болғандықтан біз бір этимонды кейде анадай, кейде мынадай түсіндіреміз. Этимонды зерттеуде бір ғана әдіс өте аздық етеді. Яғни, бір ғана әдісті қолданып этимонды толық айқындауға болмайды.Этимонды

айқындау үшін көп жағдайда, сол ұлт тілінің ерекшелігіне, төркіндес сөздердің байланысына, ұлттың этнографиясына, тарихына, археологиясына, туыстас тілдердегі сөздерге т.б.-ға сүйеніп салыстыру жасаймыз; цитат келтіреміз, көп ізденістер жасаймыз. Бұлардың барлығының себебі-этимондардың күңгірт болатындығы.

1. Шектілік ерекшелігі. Әрқандай тілдің іс жүзінде қолданатын фонемалары шекті болады. Тілдің фонемалары өзара сәйкесіп, құрам тауып, мағынаны білдіретін буындарды құрайды. Олардың саны да, бірігу ережелері де шекті болады. Этимон – алғашқы тілдегі сөздердің дыбысы мен мағынасының біріккен тұлғасы, әрі ол жаңа сөздерді жасаудың ең алғашқы ұйтқысы болғандықтан, оның саны да шекті болуға тиіс. Тілдегі негізгі сөздік қордың істетілім мөлшері көп болғанымен, саны жағынан аз мөлшерді ұстайды. Оның үстіне этимон-бүгінгі тілдегі сол шекті негізгі сөздік қордың әуелдегі негізі. Сондықтан ол өте шекті болады. Кейбір оқымыстылар тіпті ханзу тілі этимондарының нақты санын да межелеген. Ханзудың әйгілі антрополог, археолог, этнограф және ауыз әдебиет теңряшысы Лин Хүйшяң (1901-1958) “тілгер Макс Мүллер бұндай этимондар санскрит тілінде 1706, еврей тілінде 500, ханзу тілінде 450” десе, Йін Жимиң “қазіргі ханзу тіліндегі сөздердің буындарының саны айқын. Дәлірек айтқанда, ерте заманғы ханзу тіліндегі этимондардың саны 1300-ден асып кете алмайды” дейді (2.9-бет). Жоғарыдағы тілдердің этимондарының сан мөлшеріне қарағанда, тілдегі этимондар шекті болады.

3. Жүйелілік ерекшелігі. Этимонның жүйелілік ерекшелігі екі жақтан байқалады. Жазу жарыққа шығудан бұрын дыбыс пен мағынаның бірігуінен құралған этимондар сөзбен бүкілдей бірдей болған. Олар адамдардың тіл механизмін айналымға түсіру қажетін қанағаттандыра алған. Сөз қашанда бір тілдің дыбысы мен мағынасының белгілі заңдылығы бойынша біріккен тұлға.”Тіл ғылымы” атты еңбекте “алғашқы тіл шу дегенде-ақ дыбысты тіл болған, атап айтқанда, адамдар өзара пікір ауысатын, ой жүгіртетін дыбысты тіл, дыбысты заттық қабық, мағыналық элементті мазмұн еткен, қазіргі заман тілімен ұқсас негізгі құрылымға және негізгі қасиетке ие дыбысты тіл болған, сонымен бірге ол тіл- сөздік қор мен грамматикадан құралған жүйе болған”-деп, көрсетеді (10.23-бет).

Ауыз екі тіл дегеніміз жазба тілдің негізі. Яғни, әдеби тілдегі лексика жүйесінің негізі. Ауыз екі тілдегі этимондар жүйесі жазба тілдің лексика жүйесіне сіңісіп кетеді. Қоғамдық тұрмыс пен адам ойының дамуына сай жаңа сөздер үздіксіз көбейеді. Осындай көбейудің барысында әр түрлі қажетті бейгілдік факторлардың да белгілі дәрежеде ықпалы болады. Бірақ тілдің өз басы жөнінен алғанда, этимондардың көбейуі мен жіктелуі – сөздердің молайуындағы шешуші фактор. Сондықтан этимондар-сөздердің молайып, лексиканың дамуының негізі. Этимондардың

жіктелуінің нәтижесі төркіндес сөздерді туындатады. Этимон төркіндес сөздерді тұтастыратын арқау болып, ол көптеген жеке сөздермен байланысу арқылы олардың жүйесін қалыптастырады. Тілгер Шүй Уыйхан мырзаның “төркіндес сөздердің байланысын жүйелілік байланыс деп қарауымыз керек” дегенінің барлығы осы қағиданы мензеген. Бұрын біз тілдің үш факторы ішінде фонетика мен грамматиканың жүйелілік сипаты өіе күшті болады деп қарайтынбыз. Қазір біз этимондарды зерттеу арқылы да көптеген сөздер өзара байланысты болатындығын тұрақтандыра аламыз.

4. Туындылық ерекшелігі. Этимондар шекті болады, әйтсе де адамдардың идеялық сезімін бейнелеу, қарым - қатынас жасау, обьектив заттарды тілмен бейнелеу, аңыз стуі шынында күрделі, алуан түрлі болады да, ол жаңа сөздердің жасалуын қажетсінеді. Бұл екеуінің арасындағы қайшылық этимондардың жіктелуіне, жаңа сөздердің жасалуына апарып соғады. Этимондар жоғарыдағы байандалған талапқа сәйкесу үшін біріншіден, жіктеледі, одан жаңа сөздер туындайды, екіншіден өзара бірігеді, күрделі сөздердің жасалуына негіз болады. Бұлар этимонның туындылық ерекшелігін қалыптастырады. Тілгер Б.Қыдырбековтың: “Сөзді қашанда сөзтудырады, тақырға шөп өспейді, шөп шыққан жеріне оседі” (9.11-бет) дегені және тіл ғылымында айтылып келе жатқан тілдің дамуы негізінен сол ұлттың өзінде тегінде бар материалдары негізінде көбейсді дегеннің барлығы этимонның туындылық сипатын көрсетеді.

Тектеп келгенде, лексиканың даму тарихының өзі этимондардың туындылық сипатының ең жақсы дәлелі. қазіргі қазақ тілінде екі дыбыстан құралған, бір буынды түбірден туындаған сөздер және ол сөздерден ауыспалы мағынаға ие болып, дамып, оның нәтижесінде жаңа мағыналы сөзге айналған сөздер өте көп. Мысалы, қазақ тілінде көз сөзінен көзде, көзілдірік, көзқарас, көзсіз сияқты туынды сөздер жасалса, одан тағы мәселенің көзі, байлықтың көзі, көзі ашық, көзі тар сынды ауыспалы мағыналы сөздер жасалды. Әрине, біз қос буынды этимондардың да туындылық қасиетке ие екендігін теріске шығармаймыз.

5. Дәуірлік ерекшелігі. Біз этимон дегенді қазіргі әдеби тілдегі сөздердің дыбысы мен мағынасының тарихи тұлғасы дедік. Бұл этимонның біз айтқан осы тұлғасы тіл дүниеге келгеннен қазірге дейінгі бірден-бір тұлғасы дегенді емес, қайта мәлім бір тарихи кезеңдегі мәлім тұлғасын білдіреді дегенді түсіндіреді. Өйткені этимондар тарихи даму барыста бастан-аяқ ұқсас бір тұлғада болуы екіталай. Гіл даму барысында күрделі әрі ұзақ уақыттық өзгерісті басынан кешіретіндігі, тілдің жаңа сапасы мен жаңа құрылымының факторларының біртіндеп ұзақ уақыт қорлануы жолымен, ескі сапа факторларының біртіндеп құрып бітуі жолымен жасалатындығы бізге белгілі. Сондықтан этимонның дамуы да ұзақ уақыттық өзгерісті, дамуды басынан кешіреді. Мысалы, қазақ

тіліндегі білезік деген сөздің этимоны білек+жүзік дедік. Сонда ,осы білек+жүзік сөзі білезік сөзінің тіл формаланғаннан бергі бірден-бір тарихи тұлғасы деп кесіп айтуға болмайды, оның да арғы тарихы, көне тұлғасы бар.Яғни, осы білек+жүзік сөзінің тарихи тұлғасы біле(к)+йүз (бет,ажар)(иг) иүзик >иүксүк (буын) түрінде болып келеді (7.70-116 -бет).

Сондай-ақ этимондар тұлғалық жақтан ғана емес мағыналық жақтан да дәуірлік ерекшелікке ие болады дей аламыз. Бұндай ерекшелікті тілгер Рабиға Сыздықованың еңбектерінен де кездестіре-

міз. Мысалы, қазақ тіліндегі алаш сөзі XIII-ғасырдың бас кезінде монғол шабуылына қарсы ұйымдасқан алты тайпаның аты деген ұғымды білдірген екен. Кейін Шернияз, Бұхар шығармаларында қалың көпшілік, ел, халық, қазақ қауымы деген мәнде қолданылыпты. Бұдан кейінгі Махамбеттің жырында кейде қарсы жақ, дұспан деген мағыналарда да қолданылған (6.34-35-беттер). Жинақтап айтқанда ,этимонның дыбысы мен мағынасы, тұлғасы ұқсамаған дәуірде кейде ұқсамаған тұлғада болады, біздің сөздің тарихи тұлғасы дегеніміз оның тек айқындауға мүмкіндігі бар болған тұлғасын көрсетеді.

Қазақ тілінің дыбыс жүйесі, сөз жасау қабілеті, сөйлем құрылысы жақтарда өзіндік айқын ерекшелігі болатындықтан,бүгінгі сөздердің ұшқан тұғыры есептелінетін қазақ тілі этимондарының да жоғарыдағы жалпылық ерекшеліктері болумен бірге өзіндік дара сипаты да бар деп қараймыз. Дегенмен, күні бүгінге дейін қазақ тілі фонетикасының , лексикасының, грамматикасының тарихы, оның өн бойындағы сыры, ерекшеліктері айқын зерттеліп, толық тұрақтанған жоқ. Бертінгі жылдарда қазақ тілі этимондары мен оған қатысты мәселелер аз-көп қарастырылғандығы- шындық, бірақ бұл ізденістер қазақ этимондарының ерекшелігін жинақтап беру деңгейіне жете алмады. Біз қазақ тілі этимондарының негізгі ерекшеліктерін мынадай бірнеше түрге жинақтадық:

1. Қазақ тілі құрылысы жақтан жалғамалы тілдер тобына жатады, яғни сөздер негізінен түбірге алуан түрлі қосымшалардың қабаттасып жалғануы арқылы жасалады. Сонымен бірге қазақ тіліндегі сөздерге қосымшалар жалғанғанда ,немесе екі түбір біріккенде қатар келген дыбыстар үнемі үндесіп, үйлесіп отыратындықтан сөз ішіндегі түбірдің және қосымшаның дыбыстары, біріккен сөздердің құрамдары үнемі өзгеріске ұшырап, жымдасып,кірігіп кетіп отырады. Бұл қазақ тілі этимондарының үнемі өзара кірігу, сіңісу күйінде болатындығын көрсетеді.

2. Қазақ ұлтын құраған ру-тайпалардың саны көп, ықпалы түрлі-түрлі, қалыптасу барысы күрделі. Сондықтан қазақ тілі этимондарының төркінін ашу үшін тілдегі өз құрамында қалыптасқан тілдік элементтерді зерттеумен бірге туыстас ұлт тілдерінің тілдік ерекшеліктерін де

қарастыруға, салыстыруға тура келеді. Бұл қазақ тілі этимондарының көп негіздік, көп сипаттық ерекшелікте болатындығын көрсетеді.

3. Қазақ тілінің сөз жасау амалдары – негізінен түбірге қосымша жалғау амалы, екі түбірді біріктіру, немесе қайталау, сөздерді тіркестіру және сөзді қысқарту амалы қатарлылар. Сондықтан қазақ тілі этимондарының негізі үнемі жалаң, бір буынды түбірлердің алуан түрлі формасы болып келеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Рын Жифаң. “Ханзу тілінің этимологиясы”. Чоңчин баспасы, 2004.
2. Ын Жимиң. “Этимологиядан жалпы шолу”. Шаңхай оқу-ағарту баспасы, 2000 ж.
3. “Сөз теңізі”. Шаңхай сөздік басу баспасы, 1999 ж.
4. “Ханзу тілінің үлкен сөздігі”. Ханзу тілінің үлкен сөздігі баспасы, 1993ж.
5. Әмеди хасенов. “Тіл білімі”. Алматы, 1996ж.
6. Рабиға Сыздықова. “Сөздер сөйлейді”. Алматы, 1994ж.
7. “Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі”. Ұлттар баспасы, 1987ж.
8. К.Аханов. “Тіл білімінің негіздері”. Алматы, 1993ж.
9. Балғабек Қыдырбекұлы. “Түгел сөздің түбі бір”. Алматы, 1993ж.
10. Ма Шүелиаң. “Тіл ғылымынан жалпы шолу”. Ұлттар баспасы, 1981ж.
11. “Қазақ тілінің энциклопедиясы”. Алматы, 1998ж.
12. Жақыш Хасенов. “Түбір сөздің төркіні”. Тіл және аударма, 1985ж., № 4.

### **Resume**

This is article about etymon and it is differents.

### **Özet**

Bu makale etimon (kelimenin çıkış kökeni) ve onun özellikleri hakkındadır.

### **Резюме**

В этой работе рассматривается этимон и его особенности.

***Тіл – руханиятымыздың өзегі.***

***Әбіш Кекілбаев***